

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Кешірім жасау мәселелері жөніндегі комиссия туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 5 шілдедегі N 140 Жарлығы.

Қазақстан Республикасының Конституциясы 46-бабының 16) тармақшасына және "Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 38-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 01.07.2026 № 1337 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

1. Мыналар:

- 1) 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Кешірім жасау мәселелері жөніндегі комиссия туралы ереже;
- 2) 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Кешірім жасау мәселелері жөніндегі комиссияның құрамы бекітілсін.

2. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

1) "Қазақстан Республикасы Президентінің азаматтарға кешірім жасауды жүзеге асыру тәртібі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 7 мамырдағы № 2975 Жарлығы;

2) "Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Кешірім жасау мәселелері жөніндегі комиссияның құрамы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 13 қыркүйектегі № 3108 Жарлығы;

3) "Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Кешірім жасау мәселелері жөніндегі комиссияның құрамы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 13 қыркүйектегі № 3108 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 28 қаңтардағы № 3343 Жарлығы;

4) "Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 7 мамырдағы № 2975 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 18 ақпандағы М 3841 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1998 ж., № 4, 20-құжат);

5) "Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 13 қыркүйектегі № 3108 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 1 сәуірдегі № 3892 Жарлығы;

6) "Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 7 мамырдағы № 2975 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 13 ақпандағы № 557 Жарлығы;

7) "Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 13 қыркүйектегі № 3108 және 1996 жылғы 18 маусымдағы № 3039 Жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 7 қарашадағы № 719 Жарлығының 1-тармағы;

8) "Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 13 қыркүйектегі № 3108 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 6 наурыздағы № 821 Жарлығы;

9) "Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 7 мамырдағы № 2975 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 4 ақпандағы № 1288 Жарлығы;

10) "Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 15 желтоқсандағы № 1504 Жарлығының 1-тармағының 2) тармақшасы;

11) "Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 7 мамырдағы № 2975 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілерінің күші жойылған деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 16 мамырдағы № 1573 Жарлығының 1-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., № 20, 238-құжат).

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

1-ҚОСЫМША
Қазақстан Республикасы
Президентінің
2006 жылғы 5 шілдедегі
№ 140 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

Ескерту. Ережеде: бүкіл мәтін бойынша "өтініштерді", "өтініші", "өтініш", "өтінішпен", "өтінішті", "өтініштің", "өтінішке", "өтініштері" деген сөздер тиісінше "өтінішхаттарды", "өтінішхаты", "өтінішхат", "өтінішхатпен", "өтінішхатты", "өтінішхаттың", "өтінішхатқа", "өтінішхаттары" деген сөздермен ауыстырылды – ҚР Президентінің 09.02.2023 № 126 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Кешірім жасау мәселелері жөніндегі комиссия туралы

ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Кешірім жасау мәселелері жөніндегі комиссия туралы осы ереже (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасы Конституциясының 46-бабының 16) тармақшасына, "Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы 22-бабының 5) тармақшасына және 38-бабының 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Кешірім жасау мәселелері жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) қызметінің және кешірім жасау туралы өтінішхаттарды қараудың тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 01.07.2026 № 1337 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

2. Кешірім жасауды өзіне қатысты айыптау үкімі заңды күшіне енген, сол сияқты шет мемлекет сотының үкімі бойынша тағайындалған жазаны Қазақстан Республикасының аумағында өтеп жатқан не өтеген адамның өтінішхаты негізінде Қазақстан Республикасының Президенті жүзеге асырады.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 22.04.2015 № 1036 Жарлығымен.

3. Қазақстан Республикасының Президенті өз қарауымен сотталған немесе жазасын өтеген адамға кешірім жасай алады.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 22.04.2015 № 1036 Жарлығымен.

4. Кешірім жасау туралы өтінішхат сот үкімі (қаулысы) заңды күшіне енгеннен кейін ғана берілуі мүмкін.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 22.04.2015 № 1036 Жарлығымен.

5. Кешірім жасау:

1) алып тасталды – ҚР Президентінің 09.02.2023 № 126 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен;

1-1) өмір бойына бас бостандығынан айыруды белгілі бір мерзімге бас бостандығынан айырумен алмастыру;

2) жазаны одан әрі өтеуден босату не белгілеген жазаның мерзімін қысқарту;

3) сот белгілеген жазаны жазаның неғұрлым жеңіл түрімен алмастыру;

3-1) қосымша жаза түрінен босату;

4) жазасын өтеген немесе оны одан әрі өтеуден босатылған адамдардан сотталғандықты алып тастау түрінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 22.04.2015 № 1036; 09.02.2023 № 126 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Жарлықтарымен.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Кешірім жасау мәселелері жөніндегі комиссия

6. Кешірім жасау туралы материалдарды қарауды Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылатын Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Кешірім жасау мәселелері жөніндегі комиссия (бұдан әрі - Комиссия) жүзеге асырады.

7. Комиссияның құрамын Президент бекітеді.

8. Комиссияны төраға басқарады.

Комиссияның құрамына лауазымы бойынша төрағаның орынбасары болып табылатын Қазақстан Республикасы Президентінің құқықтық мәселелер жөніндегі көмекшісі, Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл, Бас Прокурордың жазаның орындалуы және азаматтарды ақтау мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасары және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары – Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің төрағасы кіреді.

Комиссияның құрамына Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттары, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері және өзге де адамдар кіруі мүмкін.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 09.02.2023 № 126 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Президентінің 20.10.2023 № 384; 01.07.2026 № 1337 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлықтарымен.

9. Комиссия отырысында төраға болмаған жағдайда оның міндеті Комиссия төрағасының орынбасарына жүктеледі.

10. Комиссияның отырысы оның мүшелерінің үштен екісі қатысқан ретте құқылы болып саналады.

11. Комиссияның отырыстарына Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы, Жоғарғы Соттың сот алқаларының төрағалары, орталық мемлекеттік органдардың басшылары немесе олардың орынбасарлары қатысып, талқыланатын мәселелер бойынша сөз сөйлей алады.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 09.02.2023 № 126 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

12. Комиссия өз отырыстарына оның құзыретіне жататын мәселелер бойынша қажетті ақпарат алу үшін мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің өкілдерін, сондай-ақ өзге де адамдарды шақыруға құқылы.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 22.04.2015 № 1036 Жарлығымен.

13. Комиссияның шешімі оның қатысып отырған мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады. Сотталған адам үшін неғұрлым қолайлы мәселе дауысқа бірінші болып

салынады. Комиссия мүшелерінің дауыстары тең бөлінген жағдайда төрағалық етушінің дауысы шешуші болып табылады. Комиссияның шешімі хаттамамен ресімделіп, оған отырысқа қатысқан оның барлық мүшелері қол қояды.

Шақырылған адамдар Комиссия шешім қабылдаған кезде дауыс беруге қатыспайды.

Ескерту. 13-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Президентінің 09.02.2023 № 126 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

14. Кешірім жасау туралы мәселе қаралған кезде:

1) жасалған қылмыстың қоғамдық қауіптілік сипаты мен деңгейі, сотталған адамның жеке басы, оның мінез-құлқы, еңбекке көзқарасы, бас бостандығынан айыру орындарындағы ынталы ұйымдардың жұмысына қатысуы, өтелмеген жаза мерзімі, отбасы жағдайы және кешірім жасау туралы өтінішті қарау кезінде маңызы бар басқа да жағдаяттар;

2) Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Төрағасының, Бас Прокурорының және Ішкі істер министрінің сотталған адамға қатысты кешірім жасауды қолданудың орындылығы туралы қорытындылары;

3) жазаны орындайтын органдар әкімшіліктерінің, қоғамдық бірлестіктер мен еңбек ұжымдарының пікірлері (болған жағдайда);

4) сотталған адамға кешірім жасау туралы жәбірленушінің не оның заңды өкілінің өтінішхаты (болған жағдайда) зерделенеді және назарға алынады.

Ескерту. 14-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 22.04.2015 № 1036 Жарлығымен.

15. Комиссияның жұмыс органы Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Мемлекеттік құқық бөлімі болып табылады, ол:

1) кешірім жасау туралы материалдарды алдын ала қарауды, Комиссия мен Қазақстан Республикасы Президентінің қарауы үшін қажетті материалдарды дайындауды;

2) Мемлекет басшысының кешірім жасау туралы жарлықтарының уақтылы орындалуын бақылауды;

3) кешірім жасауды қолданудың практикасын қорытуды;

4) Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі туралы ережеде және осы Ережеде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 15-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2008.04.24 № 576 Жарлығымен.

3. Кешірім жасау туралы өтінішті жолдау тәртібі

16. Сотталған адам жазбаша түрде кешірім жасау туралы өтінішхатпен Қазақстан Республикасы Президентінің атына жүгінеді.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 22.04.2015 № 1036 Жарлығымен.

17. Бас бостандығынан айыруға, қамауға алуға сотталған адамның кешірім жасау туралы өтінішхаты жазаны орындайтын мекеменің әкімшілігі арқылы беріледі.

Гауптвахтада өтеумен қамауға алуға сотталған адамның (әскери қызметшінің) кешірім жасау туралы өтінішхаты жазасын өтеу орны бойынша әскери полиция органдары арқылы беріледі.

Бас бостандығын шектеу, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаға сотталған, шартты түрде сотталған, жазаны өтеуі кейінге қалдырылған адамның кешірім жасау туралы өтінішхаты тұрғылықты жері бойынша пробация қызметі арқылы беріледі.

Жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамның кешірім жасау туралы өтінішхаты тұрғылықты жері бойынша ішкі істер органдары арқылы беріледі.

Айыппұлға сотталған не жазаны өтеген, не жазаны одан әрі өтеуден босатылған адам кешірім жасау туралы өтінішхатты Қазақстан Республикасы Президентінің атына өзі жолдайды.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 09.02.2023 № 126 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

18. Алып тасталды - ҚР Президентінің 22.04.2015 № 1036 Жарлығымен.

19. Алып тасталды - ҚР Президентінің 22.04.2015 № 1036 Жарлығымен.

19-1. Алып тасталды - ҚР Президентінің 22.04.2015 № 1036 Жарлығымен.

19-2. Алып тасталды - ҚР Президентінің 22.04.2015 № 1036 Жарлығымен.

20. Алып тасталды – ҚР Президентінің 09.02.2023 № 126 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

21. Алып тасталды – ҚР Президентінің 09.02.2023 № 126 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

22. Алып тасталды – ҚР Президентінің 09.02.2023 № 126 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

23. Алып тасталды – ҚР Президентінің 09.02.2023 № 126 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

24. Мекемелердің, жазаны орындайтын органдардың әкімшілігі немесе ішкі істер органдары кешірім жасау туралы өтінішхатты тіркегеннен кейін он бес жұмыс күні

ішінде оны осы Ереженің 25-тармағында көрсетілген құжаттармен бірге Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жолдауы тиіс.

Кешірім жасау туралы өтінішхаттың жолданғаны туралы үш жұмыс күні ішінде өтінішхат берген адамға хабарланады.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 22.04.2015 № 1036 Жарлығымен.

25. Кешірім жасау туралы өтінішхатқа мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) жеке басын куәландыратын құжаттың куәландырылған көшірмесі;

1-1) сотталғанның өмірбаян деректері, оның отбасылық жағдайы, бұрынғы соттылығы, сотталғанға бұрын рақымшылық жасау актісін қолдану, сондай-ақ сотталғанның бұрынғы кешірім жасау туралы өтінішхаттарын қарау нәтижелері туралы мәліметтері көрсетілген сауалнама (кешірім жасау туралы өтінішхатты өзі жолдайтын адамды қоспағанда);

2) сотталған адам оларға сәйкес жазасын өтеп жатқан (өтеген) сот актілерінің куәландырылған көшірмелері;

3) мекеме, жазаны орындайтын органдар әкімшілігінің, ішкі істер органдарының пікірімен бірге кешірім жасау актісін қолданудың орындылығы туралы ұсынуы (жазаны өтеген не жазаны одан әрі өтеуден босатылған, сондай-ақ белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыруға сотталған адам тұрғылықты жері бойынша ішкі істер органдарының ұсынуын қоса береді);

4) мінездеме (кешірім жасау туралы өтінішхатты өзі жолдайтын адам тұрғылықты жері бойынша ішкі істер органдарының мінездемесін қоса береді);

5) денсаулық жағдайы туралы анықтама;

5-1) психологиялық мінездеме (мекеменің әкімшілігі қоса береді);

6) талап арыздары және өтелмеген берешегі туралы анықтама;

7) сотталған адамның, жазасын өтеген немесе жазаны одан әрі өтеуден босатылған адамның қалауы бойынша, сондай-ақ мекеме, жазаны орындайтын органдар әкімшілігінің, ішкі істер органдарының бастамасы бойынша кешірім жасауды қолдану туралы мәселені қарауда маңызы бар басқа да құжаттар.

Комиссияның жұмыс органы мекемелер, жазаны орындайтын органдар әкімшілігінен, ішкі істер органдарынан кешірім жасау туралы мәселені қарау үшін маңызы бар қосымша материалдарды сұратып ала алады.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 09.02.2023 № 126 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

26. Кешірім жасау туралы өтінішхатқа қоса берілген және мекемелер, ішкі істер органдары, жазаны орындайтын органдары арқылы жіберілген материалдарды тиісінше осы мекемелердің әкімшілігі, тиісті органдардың басшылығы куәландырады.

Кешірім жасау туралы өтінішхатқа қоса берілген және жазаны өтеген немесе жазаны одан әрі өтеуден босатылған адам өзі жолдаған материалдарды нотариат куәландыруға тиіс.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 22.04.2015 № 1036; өзгеріс енгізілді – ҚР Президентінің 09.02.2023 № 126 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Жарлықтарымен.

27. Алып тасталды - ҚР Президентінің 22.04.2015 № 1036 Жарлығымен.

28. Қазақстан Республикасының Президенті өзінің қарауы бойынша адамға кешірім жасау туралы шешімді қабылдаған жағдайда, Комиссияның жұмыс органы мекеме, жазаны орындайтын орган әкімшілігінен, ішкі істер органдарынан, не жазаны өтеген немесе жазаны одан әрі өтеуден босатылған адамнан қажетті құжаттарды сұратады.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 22.04.2015 № 1036 Жарлығымен.

29. Кешірім жасау туралы өтінішті жолдаған мекеме әкімшілігі немесе жазаны орындаушы орган:

- 1) сотталған адам қайтыс болған;
- 2) сотталған адам басқа мекемеге ауыстырылған;
- 3) кешірім жасау туралы мәселені шешуге ықпал ететін өзге де жағдаяттар пайда болған жағдайда Комиссияны хабардар етуге тиіс.

4. Кешірім жасау туралы өтініштерді қарау бойынша іс жүргізу

30. Кешірім жасау туралы өтінішхаты бар келіп түскен материалдарды Комиссияның жұмыс органы Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына, Жоғарғы Сотына және Ішкі істер министрлігіне жібереді, олар келіп түскен сәттен бір ай мерзімнен кешіктірмей қабылданған сот шешімдерінің мазмұнын, қылмыстың жасалу жағдаяттарын, сотталған адамның жеке басы туралы мәліметтерді және кешірім жасау туралы әрбір өтінішхаттың мән-жайы жөнінде өз пікірлерін көрсете отырып, қорытындыларды ұсынады.

Соттаудың негізсіздігі немесе заңдылықтың бұзылуы жөнінде тексеруді қажет ететін деректер келтірілген кешірім жасау туралы өтінішхаттарды жұмыс органы не Комиссия тексеру үшін тиісті мемлекеттік органдарға жібереді.

Кешірім жасау туралы өтінішхатпен қоса ұсынылған құжаттар тиісінше ресімделмеген жағдайда, Комиссияның жұмыс органы оларды пысықтауға қайтарады.

Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 22.04.2015 № 1036 Жарлығымен.

31. Жұмыс органы кешірім жасау туралы өтінішхаттары бар материалдарды зерделеу қорытындылары бойынша және тиісті мемлекеттік органдардың қорытындыларын алғаннан кейін Комиссияның қарауына енгізеді.

Кешірім жасау туралы өтінішхаттарды Комиссияның қарауына енгізуге негіздер болмаған жағдайда, жұмыс органы бұл туралы мекемелерге, жазаны орындайтын органдарға, ішкі істер органдарына кешірім жасау туралы өтінішхат берген адамды не осындай өтінішхатпен өзі жүгінген адамды кейіннен хабардар ету үшін хабарлайды.

Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 22.04.2015 № 1036 Жарлығымен.

32. Комиссияның ұсыныстарын қараудың нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасының Президенті кешірім жасау туралы жарлықтар шығарады, олар шағымдануға жатпайды.

Кешірім жасау туралы өтінішхаттарды қабылдамаған жағдайда, Комиссияның жұмыс органы бұл туралы кешірім жасау туралы өтінішхат берген адамды не осындай өтінішхатпен өзі жүгінген адамды кейіннен хабардар ету үшін мекемелерге, жазаны орындайтын органдарға, ішкі істер органдарына жазбаша хабарлайды.

Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 22.04.2015 № 1036 Жарлығымен.

5. Қорытынды ережелер

33. Кешірім жасау туралы жарлықтар қадағалауды жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына, орындалу үшін – Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне немесе жазаны орындайтын өзге органдарға жіберіледі.

Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 09.02.2023 № 126 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

34. Қазақстан Республикасы Президентінің кешірім жасау туралы жарлықтарының орындалуы туралы ақпаратты Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі немесе жазаны орындайтын өзге орталық мемлекеттік органдардың басшылары ұсынады.

Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 09.02.2023 № 126 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

35. Алып тасталды – ҚР Президентінің 09.02.2023 № 126 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2006 жылғы 5 шілдедегі
№ 140 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Кешірім жасау мәселелері жөніндегі комиссияның ҚҰРАМЫ

Ескерту. Құрамы жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 09.02.2023 № 126 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Президентінің 20.10.2023 № 384; 02.07.2024 № 594; 01.07.2026 № 1337 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлықтарымен.

Бәшімов Марат Советұлы	—	қоғам қайраткері, заңгер, төраға (келісім бойынша)
Комиссия мүшелері:		
Асанова Жанна Бейсентайқызы	—	"Қазақстанның Азаматтық альянсы" заңды тұлғалар бірлестігінің вице-президенті (келісім бойынша)
Борчашвили Исидор Шамилович	—	заң ғылымдарының докторы, профессор (келісім бойынша)
Әубәкірова Индира Оралқызы	—	заң ғылымдарының докторы (келісім бойынша);
Тұрмағамбетова Жеміс Өтегенқызы	—	"Адам құқығының хартиясы" қорының атқарушы директоры (келісім бойынша).

Комиссияның құрамына лауазымы бойынша төрағаның орынбасары болып табылатын Қазақстан Республикасы Президентінің құқықтық мәселелер жөніндегі көмекшісі, Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл, Бас Прокурордың жазаның орындалуы және азаматтарды ақтау мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасары және Ішкі істер министрінің орынбасары – Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің төрағасы кіреді.